

**Шымкент қалалық білім басқармасының Әдістемелік орталығы коммуналдық  
мемлекеттік мекемесі және «Шымкент қаласы білім, спорт және бюджеттік мекеме  
қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі өзара қарым-қатынастары  
туралы**

№ 179

**КЕЛІСІМ ШАРТ**

«19» сентябрь 2025 ж.

**Шымкент қаласы**

«Шымкент қаласы білім, спорт және бюджеттік мекеме қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі, Жарғы негізінде әрекет етуші төрағасы Жузумбаев Мурат Бекмуратович (бұдан былай – «Кәсіподақ»), Шымкент қаласы білім басқармасының Әдістемелік орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесі Жарғы негізінде әрекет етуші директоры Айтбаева Шолпан Сапарбайқызы және Шымкент қаласы білім басқармасының Әдістемелік орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесі бастауыш кәсіподақ ұйымы, ереже негізінде әрекет етуші Аульбаева Раиса Уразбаевна бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп атала отырып осы келісім-шартты жасады:

**1. Шарттың мәні**

1.1. «Тараптар» Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне», «Кәсіптік одақтар туралы», және басқада Қазақстан Республикасы заңнамалық актілеріне сәйкес әрекет етуге шақырады және өзара қарым-қатынастарын, Кәсіподақтың Жарғысы, бастауыш кәсіподақ ұйымдарының Ережесіне және мекеменің Жарғылық талаптарын сақтау мен құрметтеу негізінде қалыптастырады.

1.2. Тараптардың осы келісім шарттың іс жүзіне асыру Шымкент қаласы білім басқармасының Әдістемелік орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесі әр айдың соңына дейін бастауыш кәсіподақ ұйымы мүшелерінің еңбекақыларының бір пайыздық жарнасын «Кәсіподақтың» екінші деңгейлі банктегі есепшотына аударым арқылы жүргізіледі.

**2. Тараптардың міндеттері мен жауапкершілігі**

2.1. бастауыш кәсіподақ ұйымының өкілі ретінде:

- Бастауыш кәсіподақ ұйымы мүшелерінің әлеуметтік-кәсіби мүдделерінің іске асырылуын және осы мәселелерде шешуде мекеменің жалғыз өкілі ретінде кәсіподақта пікірін білдіреді.

2.2. Бастауыш кәсіподақ ұйымы мүшелердің жарнасын тек қызметкерлердің мүддесіне ғана пайдаланады. Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы қаражатты мақсатты жұмсалуды қамтамасыз етеді. Мекеме қызметкерлерінің жарналық қаражатына жауапкершілік тек жарна төлеуші қызметкерлерінің өкіліне жүктеледі.

2.3. «Кәсіподақ» бастауыш кәсіподақ ұйымының сұранысы негізінде қызметкерлерді марапаттау, материалдық көмек беру, жолдама бөлу және іс-шаралар өткізуге қажетті қаражатпен құжаттамаға сәйкес мерзімінде қамтамасыз етуге міндеттенеді. «Кәсіподақ» бастауыш кәсіподақ ұйымының сұранысын мерзімінде құжаттамаға сәйкес қаражатты аударған сәттен бастап, қаржылық жауапкершіліктен босатылады.

2.3. «Кәсіподақтың» банқтық есепшотына түскен ай сайынғы қаражаттың 85% (сексен бес) пайызы мекеменің құзіретіне, 15% (он бес) пайызы Кәсіподаққа тиесілі. «Кәсіподақтың» екінші деңгейлі банктегі есепшоты:

**ЖСК/ИИК № KZ19601A291000374831**

**БСК/БИК HSBKZKX**

**БСН/БИН 160340018738**

**Шымкент қ. «Народный банк» АҚ**

2.4. «Тараптар» келісілген әрекеттердің жалпы қағидаларынан тұратын келісім шартты негізгі құжат ретінде мойындайды.

### 3. Дауларды шешу

3.1. Тараптардың арасындағы даулар келіссөздер арқылы шешіледі, келісімге келмеген жағдайда - сот арқылы шешіледі.

### 4. Форс-мажор

4.1. Егер Шартты орындаудағы кідіріс форс-мажор жағдайларының нәтижесі болып табылса, Тараптар Шарт талаптарының орындалмауына жауапты болмайды.

4.2. Осы Шарттың мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын, Тараптардың жаңылысуына немесе ұқыпсыздығына байланысты емес және ойда болмаған сипаты бар оқиғаны білдіреді. Осындай оқиғаларға әскери іс-қимылдар, табиғи апаттар, эпидемия, карантин сияқты іс-қимылдар жатады, бірақ олармен шектелмейді.

4.3. Форс-мажор жағдайлары туындаған кезде Тараптар осындай жағдайлар және олардың себептері туралы жазбаша түрде тез арада **бір-бірін хабардар** етуі тиіс.

### 5. Хабарлама

5.1. Шартқа сәйкес тараптардың бірі, екінші тарапқа жіберетін кез-келген хабарлама кейіннен түп нұсқасын бере отырып хат, жедел хат, телефакс немесе факс түрінде жіберіледі.

5.2. Хабарламаның жеткізілгеннен кейін немесе күшіне ену көрсетілген күні (егер хабарламада көрсетілсе) күшіне енеді, ол бұл күндердің қайсысы кеш болатындығына байланысты.

### 6. Өзге талаптар

6.1. Шартқа енгізілген өзгерістер мен толықтырулар, егер олар жазбаша түрде жасалып, үш жақтың уәкілеттілігімен қол қойып мөр басылған жағдайда ғана жарамды.

6.2. Шарт мемлекеттік тілде жасалды және тараптар үшін бір данадан үш жаққа бірдей заңды күші бар.

### 7. Келісім-шарттың мерзімі

7.1. Осы келісім шарт «Тараптар» үшін үш дана жасалады және олардың заңдық күші бірдей және қол қойған сәттен бастап Заңды күшіне енеді.

«Шымкент қаласы білім, спорт және бюджеттік мекеме қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы:

Жузумбаев М.Б.



Шымкент қаласы білім басқармасының Әдістемелік орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры

Айтбаева Ш.С.



Шымкент қаласы білім басқармасының Әдістемелік орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы:

Аульбаева Р.У.

